

## **Лингвистикадан халықаралық олимпиадасы (IOL) туралы ереже**

### **Кіріспе**

IOL – бұл жоғары оқу орнына дейінгі білім алушыларға арналған лингвистикалық тапсырмаларды жеке де, командаларда да орындау бойынша жыл сайынғы халықаралық олимпиада. Олимпиадаға қатысу арнайы білімді талап етпейді, тек тіл үйрену бойынша мектеп бағдарламасының іргелі білімін, сондай-ақ жалпы мәдениет пен логикалық ойлауды білуді талап етеді. Тапсырмалар лингвистиканың барлық салаларын, соның ішінде фонологияны, морфологияны, синтаксисті, семантиканы, тарихи лингвистиканы, социолингвистиканы, компьютерлік лингвистиканы, прагматиканы, формальды әдістерді, корпустық лингвистиканы және т. б. қамтиды.

### **IOL мақсаттары**

Тіл білімі бойынша халықаралық олимпиаданың мақсаттары:

- жоғары оқу орнына дейінгі білім алушылар мен қалың жұртшылық арасында тіл туралы, әлемнің тілдік әртүрлілігі туралы және лингвистиканың мәні туралы білімді арттыруға ықпал ету;
- жасөспірімдерде тапсырмаларды орындау кезінде жалпы білімді логикалық ойлау және шығармашылық қолдану дағдыларын дамыту;
- білім алушыларды ғылым және тіл технологиялары саласындағы мамандықтармен таныстыру және осы мамандықтарды ілгерілету;
- тіл біліміне қызығушылық танытқан барлық елдердің жастары арасындағы достық қарым-қатынастарды, халықаралық өзара түсіністікті және спорттық бәсекелестік рухын көтермелеу;
- мектеп лингвистикасы мұғалімдері мен сарапшылары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және бүкіл әлем бойынша жаңа лингвистикалық конкурстардың ұйымдастыруын ынталандыру;
- лингвистиканың дамуы мен өсуін ынталандыру.

### **IOL ұйымдастыру тәртібі**

Олимпиада жыл сайын дәстүрлі түрде шілде айының соңынан тамыз айының ортасына дейін өткізіледі. IOL ұйымдастыру кестесі:

1-күн: келу, ашылу салтанаты, брифинг;

2-күн: жеке жарыс;

3-күн: мәдени бағдарлама;

4-күн: командалық жарыс

5-күн: тапсырмаларды талқылау, марапаттау рәсімі, жабылу салтанаты;

6-күн: кету.

### **Делегациялар**

Қатысушы командалардың құрамына төрт қатысушыдан көп емес және команда жетекшісі кіреді.

Қатысушылардың жасы Олимпиаданың бірінші күніне 20 жастан аспауға және олар жоғары оқу орнына дейінгі білім алушылар болуға тиіс. Қатысу құқығы басқа елдерде орналасқан мектеп филиалдарының оқушыларына және үйде оқитын қатысушыларға да қолданылады. Басқа елде тұратын азаматтар Ұлттық ұйымдастырушылардың қарауы бойынша команда құрамына кіруге құқылы. Үш қатысушы ұлттық ұйым өткізетін лингвистика немесе сабақтас сала бойынша жалпыұлттық конкурста іріктелуге тиіс және осы елде орта білім алатын кез келген тұрғын үшін құрама команданың төрт орны ашық.

Әрбір аккредиттелген ел Олимпиаданы өткізу кезінде тұру және тамақтану, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени бағдарламаға қатысу үшін қабылдаушы тарап төлейтін бір команда жіберуге құқылы. Шығыстарға қосымша Халықаралық ұйымдастыру комитетімен келісілетін сомадан аспайтын жарна алынуы мүмкін. Әр команданы кәмелет жасқа толған (команда елінде де, қабылдаушы елде де) команда жетекшісі алып барады. Топ жетекшісі жергілікті ұйымдастырушылармен қарым-қатынас жасау үшін ағылшын тілін білуге тиіс. Жергілікті Ұйымдастыру комитетінің қарауы бойынша екінші командаға барлық шығындарды өз есебінен төлеу шартымен қатысуға рұқсат етіледі. Екінші команданы жіберуге сұрау салу жергілікті Ұйымдастыру комитеті белгілеген мерзімде берілуі және орын жеткіліксіз болған жағдайда ғана қайтарылатын депозитпен қоса (бірақ ел сұрау салуды кері қайтарып алған жағдайда емес) берілуге тиіс. Жергілікті Ұйымдастыру комитетінің қарауы бойынша қосымша (жарыстарға қатыспайтын) қатысушылар, сондай-ақ жетекшілердің орынбасарлары, жаттықтырушылар, байқаушылар және бірге жүретін адамдар жіберілуі мүмкін.

Барлық қатысушылар Олимпиада өтетін орынға сапар құнын, визалық алымдарды, медициналық сақтандыруды, сондай-ақ Олимпиада ұзақтығына кірмейтін күндер ішінде тұру мен тамақтануды өтейді.

Аккредиттеу процесін әлі аяқтамаған елдердің командалары Олимпиадаға Халықаралық кеңестің қарауы бойынша және жергілікті ұйымдастырушылармен келісім бойынша қатарынан екі жыл бойы қонақтар ретінде қатыса алады. Мұндай команданың барлық 5 мүшесі өздерінің барлық шығындары, соның ішінде тұру және әлеуметтік бағдарламаға қатысу шығындары үшін жауап береді.

Әр ұлттық ұйым Олимпиадаға қатысуға өтінім жіберуге жауапты. Жергілікті ұйымдастырушы өтінімдерді қабылдау, қатысуды растау және жарналарды толық төлеу мерзімдерін белгілейді, сондай-ақ өзінің қарауы бойынша қатысуға бірінші өтінім берген елдер үшін жеңілдіктер ұсына алады. Қатысуды және/немесе толық төлемді растау үшін соңғы мерзімді сақтамау Олимпиададан шеттетілуге әкелуі мүмкін.

## **IOI кезеңдері**

Олимпиада әр түрлі күндері өткізілетін жеке және командалық жарыстарды қамтиды.

Жеке жарыс бес тапсырманы орындауды қамтиды; кезеңнің ұзақтығы алты сағатты құрайды (бірінші шартты Проблемалық комитет, екінші шартты қажет болған жағдайда қазылар алқасы өзгерте алады).

Командалық жарыста әр команда мүшелері бір тапсырманы орындау үшін бірлесіп жұмыс істейді. Осы кезеңге бөлінген уақыт Проблемалық комитеттің қарауы бойынша үш-төрт сағатты құрайды.

Тапсырмалар қатысушыларға қағазға шығарып беріледі және бұл қағаздар IOI аяқталғаннан кейін қатысушыларда қалады. Шешімді енгізу үшін қағазды жергілікті Ұйымдастыру комитеті береді; басқа ешқандай қағаз пайдаланылмауға тиіс. Қатысушыларға қаламдар мен қарындаштарды өздерімен бірге алып жүруге кеңес беріледі. Қалта калькуляторлары мен күнтізбелер сияқты жасанды құралдарды пайдалану ұсынылмайды. Барлық ұялы телефондарға немесе басқа байланыс құрылғыларына немесе интернетке кіру мүмкіндігі бар құрылғыларға қатаң тыйым салынады. Тапсырмаларды орындау үшін қажетті жабдықты жергілікті Ұйымдастыру комитеті ұсынады. Жеке кезең барысында барлық қатысушыларға төмендегі сұрақтардан тұратын қысқаша сауалнаманы толтыру ұсынылады:

- Сіз қандай тапсырмалармен жұмыс жасадыңыз?
- Сізге қандай тапсырма ең қиын болып көрінді?
- Сізге қандай тапсырма ең қарапайым болып көрінді?
- Сізге қандай тапсырма ұнады? Осы сауалнамадағы ақпарат қазылар алқасына бағалауға көмектесуге арналған немесе статистикалық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін. Олимпиада соңында көпшілікке ұнаған тапсырманың авторы «Қатысушылардың таңдауы» атты марапатқа ие болады.

## **Марапаттау**

Жеке және командалық жарыстарда жеңіп алынған алтын, күміс және қола медальдардың саны шамамен 1:2:3 қатынасында болуы керек, ал жеке жарыстардағы медальдардың жалпы саны қатысушылар санының төрттен бір бөлігінен үштен біріне дейін болуы керек.

Орташадан жоғары балл жинаған, бірақ медаль ұтып алмаған қатысушы Құрмет сертификатымен марапатталады. Сондай-ақ жеке кезеңнің бір немесе екі тапсырмасын үздік орындау үшін сыйлық беріледі. Бұл жағдайда түзетулер енгізілуі мүмкін.

Жергілікті Ұйымдастыру комитетінің қарауы бойынша басқа да символикалық немесе сыйлықтар әзірленуі және тапсырылуы мүмкін. Медальмен немесе Құрмет сертификатымен марапатталмаған барлық қатысушылар қатысқаны туралы сертификаттармен марапатталады.

